



ХҒТАР 14.01.07

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-149-4-176-183>

## Дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы

А.Т. Калдыбаева<sup>1</sup>, Д.Е. Утегулов<sup>2</sup>

И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан Республикасы

(E-mail: <sup>1</sup>aikadem\_007@mail.ru, <sup>2</sup>d\_a\_n\_i\_y\_a\_r\_kz@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы ұғымына берілген анықтамалар мен ғалымдар қарастырған жасұрпақ бойында дарындылықты анықтау барысы көрсетілген.

Бірқатар анықтамаларға сәйкес дарындылық, дарынды оқушы, дарындылықты анықтау және пайымдаудың негізгі тұжырымдамасын, дарындылықты тұтастай қарау және айқындау, дәлелдер келтіру мәселелері қамтылған.

Сонымен қатар мақалада дарынды және талантты оқушыларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу олардың білім беру жүйесін жетілдірудің басты міндеттерінің бірі болып табылатындығы, дарынды оқушының шығармашылық ойлауы нормадан тыс ерекше болып келетіндігі, дарынды оқушы бойындағы дарындылық пен талантын ортаға бейімдей отырып қалыптастыруда мұғалімдер ұстанатын белгілі бір бағыттар болу шарт екендігі туралы айтылған. Дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы білім мен тәрбие беру үшін ерекше білімді қажет ететін балалардың дарындылығын қолдау мен дамытуға бағытталуы тиістігі, оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін айқындау барысында ғалымдардың ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізу барысы мазмұндалған.

Осы ретте, дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығын анықтау барысында ғалымдар еңбегіне ғылыми зерттеу жұмысы жүргізіліп, теориялық тұрғыда тұжырымдама жасалып, қорытынды ұсынылды.

**Түйін сөздер** : дарындылық, талант, дарынды оқушы, дарындылықты анықтау, тәрбие үдерісі, педагог ұйымдастырушы.

## Кіріспе

Қай кезде болмасын жас ұрпақ бойындағы дарындылықты анықтау маңызды мәселе болып табылады. Бұл, ең алдымен қоғамның ерекше шығармашылық тұлғаға деген қажеттілігімен байланысты болып келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Себебі, ғылым мен техниканы, өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет делінген [1].

Дарынды және талантты оқушыларды ерте анықтау, оқыту және тәрбиелеу олардың білім беру жүйесін жетілдірудің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мінез-құлқы мен ойлауы стандартты емес оқушымен жұмыс істеу үшін мұғалімнен жан-жақты дайындық талап етіледі. Өйткені дарынды оқушының шығармашылық ойлауы нормадан да ерекше болып келеді. Әлемнің көптеген елдерінде жүргізілген эксперименттер білім беру жүйесін дарынды оқушы бойындағы дарындылық пен талантын ортаға бейімдей отырып қалыптастыруда мұғалімдер ұстанатын белгілі бір бағыттар болу шарт. Себебі, оқушы дарындылығын, қабілеттілігіне қалай анықтау керегі туралы сұрақ қоя отырып, оған талмай жауап іздеген мұғалім ғана дарынды оқушымен оқу-тәрбие үдерісін жүргізе алады.

Қоғамда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізу – оларды оқыту және тәрбиелеуде маңыздылыққа ие. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар категориясы қатарында дарынды балалар да бар. Олай болса, дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы білім мен тәрбие беру үшін ерекше білімді қажет ететін балалардың дарындылығын қолдау мен дамытуға бағытталуы тиіс.

Дарынды оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған мұғалім өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі белсендіруге, өз күшіне сенуге, өзін-өзі бағалауға деген ұмтылысымен ерекшеленеді. Ол батыл және жігерлі, экспериментке бейім, педагогикалық шеберлігі жоғары, оқу-тәрбие үдерісін заман талабына сай жүргізе алатын ішкі ынтасы мықты маман иесі болғаны абзал.

Дарынды оқушылар мектеп бағдарламасын басқа оқушыларға қарағанда тез меңгереді. Жоғары интеллектуалды, байқау қасиеттеріне ие. Олардың көпшілігі өз уақытын шығармашылық жұмысқа арнайды. Мұғалім әр оқушының жеке тұлға ретінде қамтамасыз ету қажет болғандықтан оқушының қабілетін дамыта тиянақтау үшін оқушыны зерттеу жұмысына бейімдеуі керек.

Оқушылардың ізденушілік қабілеттерін айқындау кезінде ғылыми әдебиеттерде түрлі терминдер кездеседі: ғылыми зерттеу жұмысы, зерттеу жүргізу, зерттей оқу т.б. Сондықтан педагог дарынды оқушымен оқу-тәрбие жұмысын жүргізу кезінде түрлі әдістерді, яғни зерттеу әдісін, шығармашылық ізденісті ояту әдістерін кеңінен қолданады. Шығармашылықпен жұмыс жасап ізденген адам ғана биікке қол жеткізе алады.

Осы ретте, дарынды оқушы тек өзіне ғана емес, айналасына да сыни көзқараспен қарайды. Сондықтан, дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығын арттыруда мұғалімдер жалпы сынға бейім, нақтырақ айтқанда, педагог ретінде креативті, өздеріне сенімді болуы тиіс.

**Зерттеудің мақсаты** – Педагог оқушы бойындағы дарындылықты анықтау барысында алдына басты мақсат қоюы тиіс. Ол, оқушы бойындағы қабілетін анықтау, сол бағытқа байланысты тереңдетілген түрде тапсырмалар беру арқылы даму деңгейін, ой-өрісін жетілдіру, білім мен тәрбие беруде негізгі талаптарды жүзеге асырумен қатар тұлға бойында рухани-адамгершілік құндылықты қалыптастыруға бет бұрады.

Тұлғаны оқыту мен тәрбиелеуде елдің зияткерлік, дарындылық, шығармашылық әлеуетін дайындау, дарынды оқушылардың жетілуіне жағдай жасау қазіргі заманның экономикалық және әлеуметтік факторы болып табылады.

Біз, дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығын анықтау барысында ғалымдар еңбегіне ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу арқылы теориялық тұрғыда тұжырымдама жасадық.

Бала бойындағы дарындылықты анықтап, қоғамға бейімдеуде ата-ананың отбасында берген тәрбиесі де әсер ететіндігі анық. «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің» 4-ші бағытында: «Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық білімін арттыру, психологиялық құзыреттіліктері жоғарылату және жауапкершіліктерін ұлғайту» керектігін негізгі мақсат ретінде негіздеген [2].

Ал, Н. Ожегов сөздігінде дарындылық «Табиғаттан берілетін ерекше қабілет» деп түсіндіреді. Адамның ойлауы, қызығушылығы, табиғаттың адамзатқа берген керемет сыйы болса, бұл қабілет барлық адамдар үшін даусыз. Табиғат оны бәріне емес, біреуге көбірек, біреуге аз, ал біреуге жарықсыз тарататыны анық деп анықтама береді [3].

Педагогикалық энциклопедияда дарындылық туралы келесі ретте анықтама берілген: «Дарындылық – белгілі бір қызмет саласында ерекше жетістіктерге жетуге жағдай жасайтын адам қабілеттерін дамытудың ең жоғары деңгейі». «Дарындылық» ұғымы «қабілет» ұғымына өте жақын [4].

#### **Зерттеу әдістері:**

– Дарындылық ұғымын теориялық, философиялық, психологиялық-педагогикалық тұрғыда ғылыми әдебиеттерге талдау жасау, салыстыру, қорыту.

– Дарындылықты анықтауға арналған әдістемелер қолдану, сауалнамалар жүргізу, сұрақ-жауап, бақылау және тәжірибелік әдіс қолдана отырып нәтижелерін шығару.

*Осыған орай дарындылықты анықтауға арналған келесі әдістемелерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдануды жән көрдік:*

– А.Е. Голмшоктың танымдық қызығушылықты анықтау әдістемесі;

– Дж. Голландтың адамның мінез-құлқы типін анықтау әдістемесі;

– Ф. Татл және Беккердің балалардың бейімділігін және дарындылығын анықтау тесті;

– Л.Г. Матвееваның әдісі «Баланың профильдік қызығушылығын анықтау» сауалнамасы;

– «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі.

### **Дарындылық ұғымына берілген анықтамалар**

Сонымен дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша зерттеу жұмысын жүргізген авторлардың дарындылық мәселесіне берген сипаттамалары; дарындылық және жасұрпақ бойындағы талантпен байланысы, дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығы тұрғысында жүргізген зерттеулерінің нәтижелеріне талдау жасау арқылы ғалымдар берген анықтамаларға тоқталдық.

Дарындылық сөзі «дар» деген сөзден шыққан. Қоғамда дарынды тұлға деп ақылды, үлкен жетістіктерге жеткен, кез келген ситуациядан шешім тауып шыға алатын, өзінің ерекше дарындылығымен жан-жақты, білімді тұлғаны айтамыз.

Дарынды оқушы – шығармашылық қабілеті жоғары, әр түрлі тақырыпта өз ойын айқын жеткізе алатын ерекше тұлға.

Дарындылықты анықтау барысында біз, өз тұрғымыздан авторлық «Дарынды бала, дара бала, ерекше тұлға, зерек бала, дарынды оқушы», - деген де анықтама бере аламыз. Заман ағымына қарай дарындылық ұғымы ұшқыр ойлы тұлғалардың ұстанымы жоғары, талабы таудай, өз әлемі, өз талғамы бар тұлғаларға да тән болмақ.

Дарынды балалардың өзіне тән қабілеттері және ерекшеліктеріне тоқталар болсақ: есте сақтау, ерекше зейінділік, тәуелсіз ойлану, жаңаны білуге, жаңалық ашуға құмарлық. Мұндай балалардың ойлау қабілеттері, мағлұматтарды топтастыру және себеп-салдарын анықтау мүмкіндігі жоғары болады.

Осыған орай, ғалым Хуан Уорттың айтуынша, дарындылық пен талант адам табиғатына байланысты, бірақ оның дамуы тәрбие мен жұмысты қажет етеді. Ол талант мәселелерімен айналысатын мемлекеттік жүйені құру туралы пікір білдірді және бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін дамыту үшін арнайы жұмыс жүргізу керек, сондай-ақ мұндай жұмысты өте жоғары білімі бар ұлы адамдар жүргізуі керек деп санайды [5].

Ағылшын психологы Фрэнсис Гальтон ғылымда педагогика мен психологияны саралау негізінде адамның психикасы мен қабілеттеріне ғылыми зерттеулер жүргізіп, қабілеттер мен адамдардың даралығы мәселесін зерттеді. Ғалым «Таланттың тұқым қуалаушылығы: оның заңдылығы мен шығу тегі» атты еңбегінде қабілеттердің пайда болуын әдіснамалық тұрғыдан негіздеп, келесі заңдылықтарды белгілеген:

– өте жоғары қабілетсіз бірде-бір адам қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды;

– қабілеті өте жоғары адамдардың аз ғана бөлігі қоғамда жоғары дәрежеге, атаққа, даңққа ие бола алмайды [6].

Неміс ғалымы В. Штерн жалпы дарындылық – бұл ақыл-ойдан басқа қабілет, оны адам саналы түрде өз ойларын жаңа талаптарды, мақсаттар мен міндеттерді орындауға бағыттап алады деп түсіндіреді. Арнайы дарындылық – бұл белгілі бір бағытта ерекше қабілеттерді көрсету қабілеті. Мысалы, қолөнер, кескіндеме, поэтика және т.б. содан кейін бір-бірімен байланысты емес көптеген арнайы факторлар ақыл-ой қабілеттерін, яғни интеллектті қалыптастырады [7].

Канада ғалымы Д. Хебб «генотиптік интеллект» деген ұғымды енгізді. Бұл таза тұқым қуалайтын интеллект сыртқы ортамен қарым-қатынас орната отырып, «фенотиптік интеллектіні» құрайды. Оның ойынша, ген арқылы берілу мен сыртқы ортаның әсерінің арасындағы қатынас 8:2. Мұнда 8 – тұқым қуалаушылық, 2 – сыртқы орта. Осыдан ол мынадай қорытындыға келеді: ой-өріс (интеллект) – бұл мәдени-әлеуметтік орта мен индивидтің тәжірибесінен пайда болатын өнім, ал осы тәжірибені ассимиляциялап (жинақтап) тиімді пайдалана білуінің сексен пайызы генотиптік құрылымға байланысты [8].

### **Нәтиже**

Дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығына мән бере отырып, біз, оқушы дарындылығын анықтау процесінде ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, өз авторлық көзқарасымызды ұсындық.

Дарынды оқушы – ол:

- Өзіндік позициясы бар;
- Ойы ұшқыр, көкірегі ояу;
- Интеллектуалдық деңгейі жоғары;
- Өз бетімен жаңа ақпаратты жинаушы;
- Ғылым саласында ізденімпаз;
- Шығармашылыққа жаны құмар;
- Бойында рухани құндылығы жоғары тұлға.

### **Талқылау**

Дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығын арттыру мақсатында педагог интеллектуалдық-танымдық және зияткерлік танымдық оқу-тәрбие үдерісін заманауи технологиялар қолдана отырып өткізу тиімді деп ойлаймыз.

Дарындылықты анықтау барысында оқу-тәрбие үдерісін креативті мазмұнда өткізу дарынды оқушылардың бойындағы ерекшелікті анықтауға мүмкіндік береді.

### **Қорытынды**

Қорыта келе, дарынды оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығын ғалымдар еңбегін жан-жақты зерттей отырып, аталған ұғымға өз анықтамаларын беріп, оны білім беру үдерісінің арнайы бөлігі ретінде қарастыруды талап ететіндігін байқадық.

Дарынды оқушылар дарындылығын іс-әрекеттер ерекшелігімен мұғалім, педагогтер т.б. көзіне ерекше түседі. Дарынды оқушылармен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыра алатын педагогті де даралығымен, шығармашылық қабілетімен ерекшелейтін педагог деп өз ойымызды қорытар едік. Өйткені, дарынды оқушымен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үлкен жауапкершілікті, біліктілік пен дағдыны талап ететіндігі анық.

### Авторлардың үлесі

**А.Т. Калдыбаева** – ғылыми жетекші ретінде тақырып бойынша материалдарды жинақтап, жүйелеу; тиісті әдебиеттерді талдап, түсіндіру және аудару; зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде «дарындылық» ұғымының авторлық анықтамасын қорытып шығару; мақала мәтінін оның бөліктерімен мазмұнды тұрғыда жүйелі жазу.

**Д.Е. Утегулов** – мақала мазмұнына және зерттеу жұмысының жаңалығы ретінде қорытып шығарылған «дарындылық» ұғымының авторлық анықтамасына ұсыныстар мен өзгерістер енгізу; мақаланың жариялауға арналған соңғы нұсқасын бекіту.

### Әдебиеттер тізімі

1. Адешова К.И. Дарынды балалармен жұмыс // Бастауыш мектеп, 2022. №10. – Б. 57
2. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015 ж. – 21 б. <https://nao.kz/files/blogs>
3. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. 80000 слов и физиологических выражений / Российская АН.; Российский фонд культуры. – М. : АЗЪ, 1999. – 928 с.
4. Бектібаева З. Дарындылық дамытудың теориялық негіздері. – Қазақстан мектебі, 2009, №6, 71-73 б.
5. Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі. – Дарын, 2019, №5, 112-116 б.
6. Юркевич В.С. Проблема диагноза и прогноза одаренности в работе практического психолога. / В.С. Юркевич // Школа здоровья. - 2017.- №1. - с.59.
7. Рензулли Дж. Модель обогащающего школьного обучения: практическая программа стимулирования одаренности детей //Особенности, современные концепции творчества и одаренности. М.: Молодая гвардия, 2021. – С. 214-242.
8. Российская педагогическая энциклопедия: в 2 тт. / гл. ред. В. . Давыдов. – М.: «Большая Российская энциклопедия». - Т. 1, 1993. - С. 189-190.

**Калдыбаева А.Т., Утегулов Д.Е.**

*Кыргызский государственный университет им. И. Арабаева,  
Бишкек, Кыргызская Республика*

### Важность организации учебно-воспитательной работы с одаренными учащимися

**Аннотация.** В статье отражены определения, приведенные к понятию важности организации учебно-воспитательной работы с одаренными учащимися, и ход выявления одаренности в возрастной группе, рассматриваемый учеными.

В соответствии с рядом определений освещаются вопросы одаренности, одаренного ученика, выявления одаренности и определения основной концепции суждения, рассмотрения и определения одаренности в целом, аргументации.

В статье также подчеркивается, что раннее выявление, обучение и воспитание одаренных и талантливых учащихся является одной из главных задач совершенствования их системы

образования, что творческое мышление одаренного учащегося является аномально необычным, что необходимо иметь определенные направления, которым должны следовать учителя в формировании одаренности и таланта одаренного учащегося, адаптируя их к среде. Важность организации учебно-воспитательной работы с одаренными учащимися заключается в том, что обучение должно быть направлено на поддержку и развитие одаренности детей, нуждающихся в особых знаниях для воспитания, изложен ход проведения учеными анализа научной литературы при определении любознательных способностей учащихся.

При этом в ходе определения важности организации учебно-воспитательной работы с одаренными учащимися, к труду ученых была проведена научно-исследовательская работа, разработана теоретическая концепция и представлено заключение.

**Ключевые слова:** одаренность, талант, одаренный ученик, выявление одаренности, учебно-воспитательный процесс, педагог-организатор.

**Kaldybaeva A.T., Utegulov D.E.**

*Arabaev Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyz Republic*

### **The importance of organizing educational work with gifted students**

**Abstract.** The article reflects the definitions given to the concept of the importance of organizing educational work with gifted students, and the process of identifying giftedness in the age group considered by scientists.

In accordance with a number of definitions, the issues of giftedness, a gifted student, the identification of giftedness and the definition of the basic concept of judgment, consideration and definition of giftedness in general, and argumentation are highlighted.

The article also emphasizes that early identification, education and upbringing of gifted and talented students is one of the main tasks of improving their education system, that the creative thinking of a gifted student is abnormally unusual, that it is necessary to have certain directions that teachers should follow in the formation of giftedness and talent of a gifted student, adapting them to the environment. The importance of organizing educational work with gifted students lies in the fact that education should be aimed at supporting and developing the giftedness of children who need special knowledge for education, the progress of the analysis of scientific literature by scientists in determining the inquisitive abilities of students is described.

At the same time, in the course of determining the importance of organizing educational work with gifted students, scientific research was carried out on the work of scientists, a theoretical concept was developed and a conclusion was presented.

**Keywords:** giftedness, talent, gifted student, identification of giftedness, educational process, teacher-organizer.

### **Reference**

1. Adeshova K. I. Daryndy balalarmen jumys // *Bastauyys h mektep*, 2022. №10. – В. 57. [in Kazakh]

2. Tárbieniń tujyrymdamalyq negizderi. – Astana: Y. Altynsarin atyndaǵy Ulttyq bilim akademiasy, 2015 j. – 21 b. <https://nao.kz/files/blogs>. [in Kazakh]
3. Ojegov S. ı., Shvedova N. Iy. Orys tiliniń túsindirme sózdigi 80 000 sóz jáne frazeologialyq órnekter / orys AN.; Resei mádeniet qory. - M.: AZ, 1999. - 928 B. [in Russian]
4. Bektibaeva Z. Daryndylyq damytýdyń teorıalyq negizderi. – Qazaqstan mektebi, 2009, №6, 71-73 b. [in Kazakh]
5. Elýbaev A.O. Daryndy oqýshylardy taný ereksheligi. – Daryn, 2019, №5, 112-116 b. [in Kazakh]
6. Iyrkevich, V. S.praktıkalyq psihologtyń jumysyndaǵy daryndylyqty diagnostikalay jáne boljay máselesi. / V. S. Iyrkevich / / Densaýlyq Mektebi. - 2017.-№1.- b. 59. [in Russian]
7. Dj. Lızzýlli. Baiytý mektebiniń modeli: balalardyń daryndylyǵyn yntalandyrýdyń praktıkalyq baǵdarlamasy / / shyǵarmashylyq pen daryndylyqtyń zamanaýı tujyrymdamalarynyń erekshelikteri. M., Jas gvardia, - 2021.-214-242- s. [in Russian]
8. Orys pedagogıkalyq Ensiklopediasy: 2 tom / ch. red. V. V. Davydov. - M.: "Úlken orys ensiklopediasy". - T. 1, 1993. - 189-190 - s. [in Russian]

#### **Авторлар туралы мәлімет**

**А.Т. Калдыбаева** – педагогика ғылымдарының докторы, педагогика кафедрасының профессоры, И. Арабаев атындағы Кыргыз мемлекеттік университеті, Раззаков көшесі, 51, 720026, Бішкек, Кыргыз Республикасы

**Д.Е. Утегулов** - педагогика мамандығы бойынша 2 курс докторанты, И. Арабаев атындағы Кыргыз мемлекеттік университеті, Раззаков көшесі, 51, 720026, Бішкек, Кыргыз Республикасы

#### **Сведения об авторах**

**А.Т. Калдыбаева** – доктор педагогических наук, профессор кафедры педагогики, Кыргызский государственный университет имени И.Арабаева, ул. Раззакова, 51, 720026, Бишкек, Кыргызская Республика.

**Д.Е. Утегулов** – докторант 2 курса по специальности «Педагогика», Кыргызский государственный университет имени И. Арабаева, ул. Раззакова, 51, 720026, Бишкек, Кыргызская Республика.

#### **Information about authors:**

**A. T. Kaldybaeva** – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of Pedagogy, Kyrgyz State University named after I. Arabaev, st. Razzakova, 51, 720026, Bishkek, Kyrgyz Republic

**D. E. Utegulov** – Doctoral student of the 2nd course on specialty “Pedagogy”, Kyrgyz State University named after I. Arabaev, 51, Razzakov str., 720026, Bishkek, Kyrgyz Republic